			дағдыландыру. Эстетикалық талғамын дамыту. Д\о: №20 «Кім не жейді» **Күтілетін нәтиже: Қайталай алады:** бейненің суретін салуды **Түсінеді:** саңырауқұлақтар туралы **Қолдана алады:** өзінің ой ,қиялын			Қ\о: №50 «Кішкентай қоян шыға ғой» **Көрнкілігі:** суреттер. **Әдіс тәсілі:** ойын технологиясы **Күтілетін нәтиже: Түсінеді:** қағаздың ерекшеліктерін **Қолдана алады:** Орналастырып, жаапсыруды.
Серуен:	10.50-11.30	Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру.				
		Тастарды бақылау **Мақсаты***:* Тастардың өлі табиғат мүшесі екендігі жайлы түсініктерін молайту, олардың әртүрлілігі мен пайдасы туралы білім беру. **Зерттеу жұмысы** Бор таспен қатты тасты салыстырып көру, ұру, сындыру (бор үгітіледі, тас сынбайды) **Еңбек** Ауладағы тастарды жинау және олардан композиция құрау. *Мақсаты:* — Бірігіп жұмыс істеуге үйрету; — Шығармашылық қиялын дамыту. **Қ/О** «Ұшты-ұшты». *Мақсаты:* — Тәрбиешіні мұқият тыңдауға үйрету; **Жаттығу**	**Желді бақылау** **Мақсаты***: желдің күшін анықтауды үйретуді жалғастыру;* — өлі табиғат туралы білімдерін кеңейту. **Бақылау барысы** **Жұмбақ:** Аяғы жоқ ұшады, Аузы жоқ ән салады. Кездескен жеңіл нәрсені Аспанға ұшырады (жел) **Еңбек** Алаңды тазалау *Мақсаты:бірлесе жұмыс істеуді жалғастыру, орындалған жұмыс нәтижесіне қуана білу.* **Қ/О:** «Жел». *Мақсаты:*- табиғат байланысы туралы түсініктерін бекіту, тәрбиеші командасын мұқият тыңдауға үйрету **Жаттығу ойындары:** Доппен жаттығу *Мақсаты: допты жоғары лақтыру, жерге соғу, екі қолмен қағып алуды жалғастыру*	**Жапырақтардың түсуін бақылау** **Мақсаты***:* — табиғаттың мезгілге байланысты құбылыстары туралы түсініктерін кеңейту; — бақылағандарын сөйлеу тілінде қолдану қабылеттерін қалыптастыру. **Бақылау барысы** **Көркем сөз** **Күзгі жапырақтар. Қ. Шаңғытбаев** Алтын сары, қызыл, көк, Алуан-алуан жапырақ. Күзгі бақта күлімдеп, Көз тартады атырап. Күн шуақта маужырап, Жатыр еді атырап. Ағаштардан жамырап, Үшты кенет жапырақ. **Еңбек** Алаңдағы жапырақтарды жинауға аула сыпырушыға көмектесу *Мақсаты:бірлесе жұмыс істеуге, мақсатқа жетуге баулу.* **Қ/О:** «Түлкі мен қояндар». *Мақсаты: жануарлар мінез-құлқын ажырата білу* **Жаттығу ойындары:** Қозғалысты дамыту. *Мақсаты:аяқ қозғалыстарын түрлендіре жаттығу жасау.*	**Күз көрністерін бақылау** **Мақсаты:** Күз туралы білімдерін молайту, күз көрністерін бақылауды жалғастыру**.** **Бақылау барысы** **Көркем сөз «КҮЗ»** Қ. Ыдырысов Күзім-ау, күзім-ау, Мінезің бұзық-ау. Жаңбырың сіркіреп, Келгенің қызық-ау. Жап-жасыл тал мынау, Сары шапан киіпті-ау Айнала тұнжырап, Қабағын аспан түйіпті-ау. **Еңбек** Ойын алаңын тазалау *Мақсаты:* — Еңбек тапсырмаларын орындауды үйрету; — Ұжыммен жұмыс істеуге баулу. **Қ/О:** «Ормандағы соқпақтар». *Мақсаты: жағдайға байланысты қозғалыстарды түрлендіру.* **Жеке жұмыс:** **Жалпы дамыту жаттығулары** *Мақсаты:жалпы дамыту*	**Күн — жылу мен жарық көзі** **Мақсаты***:* — күннің жарық және жылу көзі екені туралы түсініктерін қалыптастыру; — ойлау, талқылау, дәлелдеу дағдыларын дамыту; — табиғатқа деген қамқорлық сезімге тәрбиелеу. **Бақылау барысы** **Психологиялық жаттығу: «Күншуақ»** **Мақсаты:** Балаларға жақсы көңіл-күй сыйлау. Күн сәулесі адамға қуаныш, жылу беретінін сезіну -Бәріміз көзімізді жұмып, күнге қол созамыз. Күннен жылу алып бір-бірімізге сыйлаймыз, қуанып қол соғамыз. **Еңбек:** Алаңды тазалауға кішкентайларға көмектесу. Мақсаты: еңбексүйгіштікке, кішкентайларға көмекке келуге тәрбиелеу. **Қ/О: «Өрт сөндірушілер жаттығуда»** *Мақсаты: қабырғаға*

		ойындары Қозғалысты дамыту. *Мақсаты:допты нысанаға лақтыруға жаттықтыру* Балалармен асфальтқа түрлі-түсті бормен сурет салу ***«Күзгі табиғат»*** ***Мақал-мәтел Асыл тастан шығады, Ақыл жастан шығады.***			*жаттығуларына деген қызығушылықтарын арттыру, қалыпты жағдайларды, қозғалыстарды, қимылдарды түрлендіру,* **Халық болжамы: Қыркүйекте күн күркіресе жылы күз нышанын білдіреді.**	*өрмелеуге жаттықтыру*
Серуеннен оралу	11.30-12.00	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, дербес ойын әрекеті .				
Түскі ас	12.00-12.30	Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс; әдеп ережесі.				
Түскі ұйқы	12.30-15.00	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су шаралары	15.00-15.30	**Табанды шынықтыру массажы** Таяқтарды жылжытып, Массаж жасау білеміз. Он аяққа 1-2-3, Сол аяққа 1-2-3. **«Денсаулық» жолымен жүру.** Әдемі ирек жолдармен, Жалаң аяқ жүреміз. Табаңға біз нүктелі, Массаж жасау білеміз. «Денсаулығым керемет, жаттығуға рахмет!» су мен сен, Жиі – жиі жуын сен.				Дос бол сабын
Бесін ас	15.30-16.00	Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс				
Ойындар, дербес әрекет Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	16.00-16.40	**«Сәйкес ұяшыққа орналастыр»**дидактикалық ойын **Мақсаты:** ойлау қабілетін арттыру. **Жеке баламен жұмыс:** Суретке қарап әңгіме құрау, Мәди мен Сабина, Рақымжан.	Вариативтік бөлім: Тақырыбы: «Жыл мезгілі күз» Күз мезгілінің ерекшеліктері,күз байлығын ,жомарт күздің қызығын айту. Сюжетті-рөлдік ойын «Дүкен», «Аспаз» Ірі құрылыс материалдарымен ойындар. ***Жаңылтпаш қайталату.*** **Топ бала, топ бала,**	Дидактикалық ойын. «Ойыншықты тап» **Мақсаты:** Ойыншықты атау және кеңістікті бағдарлай отырып табу. **Жеке баламен жұмыс:** «Түймелі гүлдер» монтессори әдісін қолдана отырып, саусақ бұлшықеттеріне жаттығу Жаннұр мен Айя.	Дидактикалық ойын: «Көжекпен ойнадық» **Мақсаты**:Балалардың ойлау қабілетін дамыту және жылдамдыққа үйрету. **Жеке баламен жұмыс:** Суретті бояу арқылы түстерді ажырату Азиза мен Саида.	Сюжетті-рөлдік ойын: «Пойыз» Мақсаты:балалардың үлкенді сыйлау кішіге қамқор болу.Ойынды қызықты,ұйымшыл ойнауға үйрету. Балалабақша ішіне саяхат жасау. Жеке баламен жұмыс: еркін тақырыпта сурет

			Ойнап жур, топтала. **Зымырап допты ала,** ***Куады көп бала.***			салғыза отырып қарындашты дұрыс ұстауды үйрету Мансур, Рамзан, Әділ.
Серуенге дайындық	16.40-17.00	Киіну: серуенге шығу.				
Серуен	17.00-17.30	Серуенге қызығушылық туғызу. «Тышқан мен мысық» қимылды ойын Мақсаты; Белгі бойынша бойынша қимыл- қозғалыс жасай білуге, секіру кезінде тепе-теңдік сақтауға үйрету.				
Балалардың үйге қайтуы	17.30-18.00	Ата-анаға; «Балаңыз дәретке сұрана ма?»	Ата-аналарға кеңес: «Мәдени-гигиеналық дағдылар».	Ата-анаға : «қасықты дұрыс ұстаймыз» әңгімелесу.	Кеңес: «Күн режимін сақтау».	Балалардың тазалығына мән беру, қадағалау жөнінде пікірлесу.

Балабақша әдіскері: А.Найзабекова

ЦИКЛОГРАММА

Төртінші аптаға

Өтпелі тақырып «Дені саудың жаны сау»

Күн тәртібі	Уақыт	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.) Таңертеңгі гимнастика (5 мин)	8.00 – 8.30	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: Ата-аналармен жеке әңгімелесу, Жеке балалармен жұмыс, дене қызуы мен көңіл бөлу, жағымды жағдай орнатуға арналған ойындар.				
		Үстел- үсті ойыны: «Жоғалған зат» ойыны. **Ойын барысы** : Үстелдің үстіне бірнеше зат қойылады. Бала оларға мұқият қарап алған соң, теріс қарап тұрады. Үстелден бір зат алып тасталынады. Бала қай заттың жоғалып	**ҚЫЗЫҚТЫ САУСАҚТАР** **Мақсаты:** қол саусақтарың күрделі үйлесімді қимылдарың дамыту. А) Алақанды үстелдің үстіне қоямыз.Балалар бірінші оң,содан кейін сол қолдың саусақтарын бір-бірден көтереді.Осы жаттығуды кері жасап,қайталайды,	**Үстел- үсті ойыны: «Түйме» ойыны** **Ойын барысы** : Балалар жұптасып ойнайды. Олардың алдарында екі бірдей түйме жинағы жатыр. Әрбір ойыншыда өз ойын алаңы бар – ол тор көзге бөлінген текше. Ойынды бастаушы өз алаңына үш түйме тастайды, екінші ойыншы оны қарап, әрбір түйменің орналасуын есте сақтап қалуы керек. Осыдан	**Қимылды ойын:** **« Кім баяу »** **Ойын мазмұны:** Балалар тәрбиешімен бірге жүгіріп келе жатыр. Күтпеген жерден тәрбиеші: « Ал кәне көрелік» . Сендердің іштеріңнен кім өте баяу, аяқтың ұшымен жүре алады. Міне былай-дейді. Балалар аяқтарының ұшын көтеріп, мүмкіндігінше жай жүруге тырысады.	**Үстел- үсті ойыны: «Қанеки, есіңе түсір!»** Балаларға сұрақтар қойылады. Мысалы: «Бұл ғимаратта неше қабат бар?», «Дәліздегі перделердің түсі қандай?» «Бүгін Бексұлтан не киіп келді?» т.б. Бәріне нақты жауап берген бала жеңімпаз атанады. Бұл ойын бір жағынан баланың

		кеткенін табу керек. Заттардың санын ақырындап өсіруге болады.	Б) Алакандар үстелдің үстінде,балалар кезекпен екі қолдың саусақтарын шынашықтан бастап көтереді. В) Балалар сұқ жәнеортанғы саусақтарымен қаламды немесе қарындашты ұстайды. Осы саусақтан бүгіп,қайтадан қалпына келтіеді,бұл жерде қаламды үлкен саусақтан төмен түсіп кетпеуін қадағалау керек.	кейін бірінші ойыншы өзінің алаңын қағазбен жасырып, ал екінші ойыншы өз алаңында бірінші ойыншының түймелері орналасуын бұлжытпай орналастырады. Ойында қаншалықты тор көз бен түйме көп болса, соншалықты ойын күрделене түседі.	Олар сол жүріп келе жатқан бағытта жүруді жалғастыра береді. Содан кейін тәрбиеші білдірмей бір жаққа қарай шегініп: « Ал енді бәрің де маған қарай жүгіріңдер»,-дейді. Балалар тәрбиеші апайға жүгіреді. Тәрбиеші кімнің жақсы орындағанын айтып мадақтайды.	зейінінің артуына да көмектеседі
		Жаттығулар кешені Кешен №6				
Таңғы ас	8:30-8:50	Тамақ ішу, үстелде отыру мәдениетін қалыптастыру. Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтауға үйрету				
Мәдени-гигиеналық дағдылар		Астан кейін беті-қолын жуып, сүртінуге дағдыландыру, тазалыққа баулу.				
Ойындар,Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық	8:50-9:00	Балалармен ұйымдастырылатын оқу қызметіне қажетті дамытушы орталықтардың (белсенділік орталық) материалдарын, көрнекіліктерін, дидактикалық ойын материалдарын дайындау				
ектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	9:00 10.30	**Дене шынықтыру** Мақсаты: 1. Шеңбер бойлап және тоқтап жүру және жүгіру. Допты жоғарыға лақтыру. Бөренеңің үстімен еңбектеу. **Музыка** **.«Біз күштіміз ептіміз»** Мақсаты: Балалардың қарапайым ән айту дағдыларын қалыптастыра	**ҚМҰҚ Тақырыбы: «Ұшақ кілемше»** Мақсаты: Заттарды саны бойынша салыстыру дағдыларын қалыптастыру. Бір-бірінің үстіне және жанына қою тәсілін қолдана отырып, баланың көру жадын және ойлау қабілетін дамыту. **Шаттық шеңбер** №9 Д\о: №27 «Оң және сол» **Әдіс тәсілі:** ойын	**Дене шынықтыру.** Мақсаты: 2.Шеңбер бойлап және тоқтап жүру және жүгіру. Бөренеңің үстімен еңбектеу. Биіктігі 5-10 см заттан жерге секіру. **Көркем әдебиет Тақырыбы: «Шалқан ертегісі»** Мақсаты: Балаларды әдеби кейіпкерлердің әрекеттерін , жүріс тұрысын талдауға, оларға баға беруге үйрету. **Шаттық шеңбер** №12 **Дид-ойн:** № 12	**Дене шынықтыру.** Мақсаты: 3.Шеңбер бойлап және тоқтап жүру және жүгіру. Биіктігі 5-10 см заттан жерге секіру. Еңіс тақтай бойымен еңбектеу. **Жаратылыстану.** **Тақырыбы: «Орман тұрғындары»** Жабайы жануарларды танып, атай білуді және сыртқы ерекшеліктерін ажырата білуді, олардың қимылдарына еліктеп	**Сөйлеуді дамыту.** **Тақырыбы: «Біз күштіміз,ептіміз»** Денсаулықты нығайтуда дене жаттығуларының маңызын түсіндіру, дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс дыбыстауды жетілдіру. Шаттық шеңбер №4 Қ\о: №12 «Білектесу» **Әдіс –тәсілі:** ойын технологиясы

		отырып, паравозбен саяхатқа шығу арқылы музыкаға деген қызығушылықтарын дамыту.	технологиясы. Сергіту сәті №22 **Күтілетін нәтиже: Түсінеді:** заттарды саны бойынша салыстыруды **Қолдана алады:** бір-бірінің үстіне және жанына қою тәсілін **Сурет салу. Тақырыбы: «Жау-жау жаңбыр»** **Мақсаты:** Қылқаламмен сурет салу тәсілдері туралы білімдерін бекіту. Балаларға қылқаламды дұрыс ұстап, бояуға батыруға, қағаз бетінде жағып қалдыруға үйрету. Д\о: №2 «Күзгі жапырақтар» Сергіту сәті: №16 **Күтілетін нәтиже:** **Қайталай алады:** қағаз бетіне із қалдырады **Түсінеді:** қылқаламды дұрыс ұстауды, тазалық сақтауды **Қолдана алады:** өзінің ой ,қиялын **Адам және табиғат** **Тақырыбы:** «Төрт түлігім байлығым» **Мақсаты:** Төрт түліктің қасиетін,қазақтың үлкен байлығының бірі төр түлік екенін айту. Ойын: «Төліңді шақыр» Күтілетін нәтиже: Түсінеді: төрт түліктің қасиетін. Біледі: қазақтың үлкен байлығы	«Білектесу» **Көрнекілік:** Үлгі сурет, **Әдіс –тәсілі:** ойын технологиясы **Күтілетін нәтиже:** **Біледі:** әдеби кейіпкерлердің әрекеттерін **Қолдана алады:** кейіпкерлердің жүріс-тұрысын	жаттығулар жасауды (қоян болып секіру, аюдай қорбаңдап жүруді) үйрету **Шаттық шеңбер** №15 **Қ\о:** №37 «Маған қарай жүгіріңдер» **Сергіту сәті: №18 Әдіс тәсілі:** Ойын технологиясы **Күтілетін нәтиже:** **Түсінеді:** жабайы жануарлардың сыртқы ерекшеліктерін **Қолдана алады: жануарлардың қимылдарын** **Музыка** **Тақырыбы: «Кішкентай көмекшілер»** Мақсаты: Дене мүшелерін игеріп, қолды, аяқты қимылдата отырып әуенмен бірге қимылдар жасауға үйрету. Ырғақпен ілесе қимыл жасауға дағдыландыру. Ойыншық көмегімен қимыл – қозғалыс жасай білуге үйрету.	**Күтілетін нәтиже:** **Түсінеді:** дене жаттығуларының маңызын **Біледі:** қимыл-әрекетті қолдана біледі **Экология негіздері** **Тақ: «Өз қолымен»** **Мақ**: Адам қолынан көп нарсе жасай алатынын , біздің айналамызда түрлі мамандық иелерінің қолымен жасалған көптеген заттар барын, басқаның еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу. Қ\о: №4 «Би терапиясы» **Көрнкілігі:** суреттер. **Әдіс тәсілі:** ойын технологиясы **Күтілетін нәтиже:** **Түсінеді:** адамның көп нәрсе жасай алатынын **Қолдана алады:** Сұрақтарға жауап беруді

<table>
<tr><td rowspan="2">Серуен:</td><td>10.50-11.30</td><td colspan="5">Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру.</td></tr>
<tr><td></td><td>Бақылау:Жаңбырды бақылау.
Мақсаты:Жаңбырды бақылай отырып , оның бұлттан жауатындығы және түрлерін айтып түсіндіру.Мысалы;Жай жаңбыр, өткінші жаңбыр, нөсер жаңбыр.
Көркем сөз
Ақ киімді біреуі
Сары киімді біреуі
Көк киімді біреуі
Әлем ,жәлем біреуі
(төрт мезгіл)
Еңбек:Ағаш түптерін қопсыту.
Ойын: «Айгөлек-ау айгөлек».
Мақсаты:Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа баулу.
Қимылдық ойын: «Сұр қоян».</td><td>Бақылау: Желді бақылау
Мақсаты : Желдің түрлерімен таныстыру;салқын жел, жылы жел, ұйытқып соққан жел.Желдің күштілігі ауа-райының салқындығын үдететіндігін түсіндіру.
Көркем сөз.
Қалың ну халық саулығы
Көк орман Отан байлығы
Еңбек: «Әдемі гүлдер»
Мақсаты:Гүлзардағы гүлдерді суару.Өсімдіктерге қамқор болу, аялау, күту.
Қимылдық ойын: «Орамал тастау».
Ойын барысы:Орамал тастау ойыны қатысушылар араласа шеңбер құрып отырады.Ойын бастаушының қолындағы орамал шиыршықталған,ұруға ыңғайлы болады.Ойнаушылар ән немесе әңгіме айтып отырғанда бастаушы оларды сырттарынан айналып, біреуді белгілеп, оның артына қолындағы орамалды тастап кетеді.Егер қайта айналып келгенде әлгі адам өзінің сырт жағында қалған орамалды байқамаса, басқаоушы оны орамалмен ұрғылайды.</td><td>Бақылау: Жәндіктерді бақылау.
Мақсаты: Күзде жәндіктер қысқа қалай дайындалады?Мінекей, құмырсқаларды қараңдаршы, өз азықтарын жинап еңбектеніп жатыр.
«Қыстың қамын жаз ойла».
Еңбек:Біздің алаң.
Мақсаты: Ауладағы жапырақтарды жинау.Балалардың еңбекке ынтасын арттырып , өздігінен еңбек ете білуге үйрету.
Көркем сөз: Тыйым сөздерді жаттату.
Мақсаты: «Суға түкірме «, «Нанды баспа», «Дастархан басында кекірме» т.б сөздердің мағынасын айтып түсіндіру.
Қимылдық ойын: «Итеріспек»
Ойын барысы: Ойын көгалда өткізіледі, үлкен шеңбер сызылады, ортаға екі ойыншы шығады.Егер бір аяқпен секіріп жүріп , екі баланың біреуі екінші аяғын жерге тигізбестен қарсыласын шеңберден итеріп шығарса жеңгені.
Аяғын жерге тигізіп алса, жеңілгені.Ойын жалғаса береді.
Балалардың өз бетімен ойнауы:
1. Тығылыспақ.
2. Тартқышқа тартылу.
3.Допты қуалау.</td><td>Бақылау: Күнді бақылау.
Мақсаты: Күн көзінің жарығын күннен тараған сәуле (жарық) оның бүкіл табиғат үшін пайдалы да қажеттілігін ашу.
Қимылдық ойын:
«Таяқшадан аттап өт»,
«Қуаласпақ»
Мақсаты: Жылдамдыққа , ептілікке баулу.
Еңбек: Гүл шоғы.
Мақсаты: Алаңдағы жапырақтарды жинап , олардан әдемі гүл шоғын жасау.
Жеке жұмыс: Е.Өтетілеуұлы . «Бағдаршам»
Мақсаты: Бағдаршаммен таныстыру.Жолда жүру ережелерін түсіндіру.
Е.Өтетілеуұлы «Бағдаршам»
Сақта көше тәртібін
Бағдаршамның ал «тілін»
Біліпт алдым мен де:
Жасыл жанса, демде
Алға кетем лезде.
Сары жанса , сабыр
Сақтай тұрам әзір.
Жанса қызыл шоқтай,
Қаламын кілт тоқтай.
Балалардың өз бетімен ойнауы:
1.Төбешіктен-төбешікке секір.
2.Күн мен түн</td><td>Бақылау:Жаңбырды бақылау.
Мақсаты:Жаңбырды бақылай отырып , оның бұлттан жауатындығы және түрлерін айтып түсіндіру.Мысалы;Жай жаңбыр, өткінші жаңбыр, нөсер жаңбыр.
Еңбек:Ағаш түптерін қопсыту.
Мақсаты:Балаларды еңбек сүйгештікке тәрбиелеу, өздеріне берілген тапсырманы тиянақты орындауын қадағалау.
Көркем сөз: Ал керемет бұл қандай?
Төгіледі төбеден.
Көк теңізден құйғандай
Көл-көсір су не деген? (Жаңбыр)
Мақсаты:Жұмбақ жаттатаотырып, балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру, сөздік қорларын дамыту, сөзді мәнерлі айтуға дағдыландыру.
Ойын: «Айгөлек-ау айгөлек».
Мақсаты:Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа баулу.</td></tr>
<tr><td>Серуеннен оралу</td><td>11.30-12.00</td><td colspan="5">Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, дербес ойын әрекеті .</td></tr>
<tr><td>Түскі ас</td><td>12.00-12.30</td><td colspan="5">Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс; әдеп ережесі.</td></tr>
<tr><td>Түскі ұйқы</td><td>12.30-15.00</td><td colspan="5">Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату.</td></tr>
</table>

Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су шаралары	15.00-15.30	. Табанды шынықтыру массажы Таяқтарды жылжытып, Массаж жасау білеміз. Он аяққа 1-2-3, Сол аяққа 1-2-3. «Денсаулық» жолымен жүру. Әдемі ирек жолдармен, Жалаң аяқ жүреміз. Табаңға біз нүктелі, Массаж жасау білеміз. «Денсаулығым керемет, жаттығуға рахмет!»				
Бесін ас	15.30-16.00	Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс				
Ойындар, дербес әрекет Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	16.00-16.40	**Үстел-үсті театры «Менің көшем»** Мақсаты:Балаларға көше туралы түсінік беру.ойын арқылы есте сақтау қабілетін,қарым-қатынас дағдыларын дамыту.Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Жеке баламен жұмыс: Суретті бояту, қарындашты дұрыс ұстауға үйрету. Мадияр мен Айя.	**Вариативтік бөлім.** «Жел дегеніміз не?» Ауанын үнемі қозғалыста болатынын жылы ауа суық ауадан жеңіл екенін,сондықтан жел пайда болатынын түсіндіру **Сюжетті-рөлдік ойын: «Пойыз»** Мақсаты:балалардың үлкенді сыйлау кішіге қамқор болу.Ойынды қызықты,ұйымшыл ойнауға үйрету. Балалабақша ішіне саяхат жасау.	**Әңгімеле....** Сурет бойынша әңгіме құрастыру. Мақсаты: Әңгіме Құрастыруды үйрету арқылы шығармашылықпен жұмыс істеуге баулу. Дидактикалық ойын: «Көжекпен ойнадық» **Мақсаты**:Балалардың ойлау қабілетін дамыту және жылдамдыққа үйрету. Жеке баламен жұмыс: Нұр мен Рақымжанға тақпақ жаттату арқылы , есте сақтау қабілетін дамыту.	**Дид-ойын:** «Қай сурет тығылды »(жақын адамдарының заттарын анықтау); **Жыл мезгілі туралы әңгімелесу** «Күз» (сурет қарастыру) **Мақсаты**. Табиғатты қорғауға тәрбиелеу.	**«Әке мен бала»** ертегісін балаларға оқып беру. **Дидактикалық ойын. «Ойыншықты тап»** **Мақсаты:** Ойыншықты атау және кеңістікті бағдарлай отырып табу.
Серуенге дайындық	16.40-17.00	Киіну: серуенге шығу.				
Серуен	17.00-17.30	Серуенге қызығушылық туғызу. Қимылды ойын «Маған қарай жүгір» Мақсаты: ересектердің ауызша белгісі бойынша қимыл қозғалыс жасай білуге үйрету.				
Балалардың үйге қайтуы	17.30-18.00	Ата-аналарға кеңес: «Баламен мәдени орындарға бару». (театр,концерт,цирк т.б)	Психологтің кеңесі: «Баланың жиі мазасызданuы»	Ата-анаға: Балабақша күн тәртібімен үйдегі күн тәртібін сәйкестендіру	Кеңес: «Бала өміріндегі көркем әдебиеттің рөлі». (ертегі,тұрмыс салт жырлары)	Ата-анаға; «Балаңыз отбасында өзіне-өзі қызмет көрсете ала ма? -қадағалау

Балабақша әдіскері: А.Найзабекова

ЦИКЛОГРАММА

Бірінші аптаға (желтоқсан

Өтпелі тақырып «Менің Қазақстаным»

Күн тәртібі	**Уақыт**	**Дүйсенбі**	**Сейсенбі**	**Сәрсенбі**	**Бейсенбі**	**Жұма**
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.) Таңертеңгі гимнастика (5 мин)	8.00 – 8.30	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: Ата-аналармен жеке әңгімелесу, Жеке балалармен жұмыс, дене қызуы мен көңіл бөлу, жағымды жағдай орнатуға арналған ойындар.				
		Д.О «Танып ал да, атын ата»	Д.О «Суреттерді орналастыр»	Үстел үсті : Қысқыштармен ойналатын ойын	. Сюжеттік рөлдік: ***«Жолаушылар»***	Үстел үсті : «Тіс щеткасымен ойын»
		Жаттығулар кешені Кешен №7				
Таңғы ас	8:30-8:50	Сабынмен қол, бет жуамыз. Түрлі микроптарды кетіру үшін.				
Мәдени-гигиеналық дағдылар		Астан кейін беті-қолын жуып, сүртінуге дағдыландыру, тазалыққа баулу.				

Ойындар,Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық	8:50-9:00	Балалармен ұйымдастырылатын оқу қызметіне қажетті дамытушы орталықтардың (белсенділік орталық) материалдарын, көрнекіліктерін, дидактикалық ойын материалдарын дайындау				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	9:00 10.30	**Дене шынықтыру** Мақсаты: 1 «Жыланша» заттарды айналып өтіп жүру және жүгіру. Еңіс тақтай бойымен еңбектеу. Еңіс тақтай бойымен жүруде тепетеңдікті сақтау. **Музыка** **Тақырыбы:**	**ҚМҰҚ** Тақырыбы: «Кеш .Үлкен-кіші. Мақсаты: Кеш-тәулік бөлігімен таныстыруды жалғастыру;тәулік бөлігін ажырата білулерін қалыптастыру.Үлен-кіші түсініктерін бекіту, заттарды көлеміне қарай сәйкестендіру,қабілетін пысықтау. **Шаттық шеңбер** №11 Д\о: № «Оң және сол» **Әдіс тәсілі:** ойын технологиясы. Сергіту сәті №21 **Күтілетін нәтиже: Түсінеді:** қанша-сонша ұғымын. **Қолдана алады:** үшбұрыш, төртбұрыш пішіндерін **Сурет салу** Тақырыбы: «Қазақтың ұлттық ою-өрнегінің екі элементі» Мақсаты: Өрнекті кілемшені қазақтың ою-өрнек элементтерімен әшекейлей білуге үйрету Шаттық шеңбер №5 Қ\о: №13 «Түрлі – түсті заттар» **Күтілетін нәтиже:** **Қайталай алады:** төздері салған өрнекті **Түсінед:** эстетикалық	**Дене шынықтыру.** Мақсаты:2.«Жыланша» заттарды айналып өтіп жүру және жүгіру. Еңіс тақтай бойымен жүруде тепетеңдікті сақтау. Лақтырған допты қағып алу. **Құрастыру** Тақырыбы: «Құрақ көрпе» (қиылған бөліктерден құрастыру) Мақсаты: Ұлттық тұтынатын бұйымдар жайында түсінік беру, қиылған қағаздарды түсіне, көлеміне қарай үйлестіре орналастыра алуға дағдыландыру, ұқыпты жұмыс жасай білуге үйрету. **Шаттық шеңбер** №1 **Дид-ойн:** № 28 «Суретті орналастыр» **Көрнекілік:** Үлгі, пластиналар **Әдіс –тәсілі:** ойын технологиясы **Күтілетін нәтиже:** **Біледі:** құрылыс материалдарын **Қолдана алады:** кеңістікте материалдарды пайдалана отырып көпір құрастыруды **Русский язык**	**Дене шынықтыру.** Мақсаты: 3.«Жыланша» заттарды айналып өтіп жүру және жүгіру. Лақтырған допты қағып алу. Орындық аяқтарының арасымен еңбектеу. **Жаратылыстану** **Жаратылыстану** Тақырыбы: «Менің елім-Қазақстан» Мақсаты: Балаларды Отан сүюге ,туған өлкенің әдемі,әсем түрлеріне саяхат жасап,сүйіспеншілікке тәрбиелеу. **Шаттық шеңбер** №17 **Қ\о:** №14 «Кім ұшады» **Сергіту сәті: №11 Әдіс тәсілі:** Ойын технологиясы **Күтілетін нәтиже:** **Түсінеді:** жақын адамдарының бар екенін **Қолдана алады:** Достық қарым қатынасты	**Сөйлеуді дамыту.** **Сөйлеуді дамыту** Тақырыбы: «Отан» (өлең) Е.Өтетілеу-ұлы Мақсаты: Отан туралы шығармаларды оқып беру арқылы құштарлыққа баулу. Өз Отанын сүюге тәрбиелеу. Шаттық шеңбер №16 Сюж\о: №6 «Отбасы» **Әдіс – тәсілі:** ойын технологиясы **Күтілетін нәтиже:** **Түсінеді:** отбасындағы әрекеттердің атауын **Қолдана алады:** қарым қатынасқа зат есімдерді **Мүсіндеу** Тақырыбы: «Ыдыс-аяқтар» Мақсаты: Алақан арасында, жазықтықта түзету және домалақтау қимылдары арқылы кесектерді жаюды жетілдіру, ыдыстардың мүсінін жасауды үйрету. Шаттық шеңбер№4 **Көрнкілігі:** мүсін. Қ\о: № 22 «Кім тез» **Әдіс тәсілі:** ойын технологиясы **Күтілетін нәтиже:**

			талғамды **Қолдана алады:** Орамалға өрнек салуды			**Түсінеді:** эстетикалық талғамды **Қолдана алады:** Қиялдаған өз жұмысын
Серуен:	10.50-11.30	Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру.				
		Суық торғайды бақылау. Мақсаты: Қыс мезгілінде барлық құстардың жылы жаққа ұшып кететінін, ал суықторғай -дың бізде мекендеп қалатынын, ол қандай аяз болса да тонбайтынын, сондықтан оны суықторғай деп атайтынын түсіндіру. Еңбек: Қар күреу. Мақсаты: Қардың жерге қалың түскенін айтып , қарды күрекпен күреу арқылы жол жасап, күректі қалай ұстау керектігін үйрету. Көркем сөз: Торғай, торғай, тоқылдақ Жерден дәнді шұқып-ап Бөтекесі бұлтиып, Шиқ-шиқ етіп отырмақ. Ойын: «Жақсы, жаман.» Мақсаты: Балаларды	Бүгінгі ауа- райын бақылау. Айналадағы адамның қысқы еңбегі Мақсаты: Қысқы еңбекпен таныстыру барысында үлкендердің еңбегін түсіндіру, еңбекке ынтасын тудыру. Көркем сөз: Қыстыгүні таңертең Ерте оянып жас бала Қар деп сыртқа қарайды Көңіл бөлмей басқаға. Қ\о: «Ақ қоян» Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа, ептілікке баулу. Еңбек: Ауладағы қарды тазалау. Мақсаты: балаларды еңбекке ынтасын арттыру. Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	№15 Бұлтты бақылау. Мақсаты: Қыста аспанды сұрғылт бұлт басады, бұлттың салдарынан қар жауады т.б. түсіндіру. Көркем сөз: Зәулімде тұрағы, Тіреусіз тұрады. (Бұлт) Еңбек: Көшедегі қар жинаушы машиналарды бақылау. Мақсаты: Қар тазалаушы машиналардың адам үшін пайдасының зор екендігін айту. Еңбекті дәріптей білуге үйрету. Қ\о: «Мені қуып жет» Шапшаңдыққа үйрету. Денені ширату арқылы денсаулықты нығайту.	№16 Өсімдіктердің қысқы тіршілігін бақылау. Мақсаты: Қыста өсімдіктердің өсуінің тоқталатынын, ағаш қабығы оларды суықтан сақтайтыны туралы түсінік беру. Еңбек: Ағаштардың түбіне қар үю. Мақсаты: Үйілген қардың пайдасын түсіндіру. Көктемде қар еріп суға айналатындығын, су өсімдіктерге қорек болатындығын айту. Көркем сөз: Т.Елеусізұлы «Қысқы торғай» Қысқы аязға қарамай Көгеріп тұр қарағай Сол секілді төзімді Болсам деймін өзімді Мақсаты: Балалардың сөздік қорын молайту, есте сақтау қабілетін дамыту. Қ\о: «Тасмалдау ойыны» Мақсаты: топтасып, тату ойнауға шақыру. Епті лікке баулу.	№14 Күнді бақылау. Мақсаты: Тірі табиғат үшін күнніңпайдасы, маңызы, қажеттілігі. Еңбек: Қыс қызығы. Мақсаты: Балалар мен ата-аналар бірге отырып, ойын алаңын әшекейлеу, қардан сырғанақ жасау. Бірлесіп еңбек етуге үйрету, үлкендердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу. Көркем сөз: Ақ сандығым ашылды, Ішінен жібек шашылды. (Күн) Қ\о: «Айгөлек» Мақсаты: денені шынықтыру, шапшаңдыққа, епті лікке баулу.

		жақсе мен жаманды ажырата білуге, жаман нәрселерден аулақ болуға, жақсыдан үлгі алуға тәрбиелеу.				
Серуеннен оралу	11.30-12.00	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, дербес ойын әрекеті .				
Түскі ас	12.00-12.30	Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс; әдеп ережесі.				
Түскі ұйқы	12.30-15.00	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су шаралары	15.00-15.30	Табанды шынықтыру массажы Таяқтарды жылжытып, Массаж жасау білеміз. «Денсаулық» жолымен жүру. Әдемі ирек жолдармен Жалаң аяқ жүреміз Табаңға біз нүктелі «Денсаулығым керемет, жаттығуға рахмет!»				
Бесін ас	15.30-16.00	Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс				
Ойындар, дербес әрекет Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	16.00-16.40	**Баян қуыршақ түстенеді.** **Мақсаты.** Балалардың асхана ыдыстары жайындағы мағлұматын бекіту, сөйлеу қабілетін дамыту; Тамақтану кезіндегі мәдени тәртіпке , қуыршаққа деген мейірімді қатынасқа тәрбиелеу.	Вариативтік бөлім «Жаңбыр қайдан пайда болады?» Табиғат құбылысында болатын жаңбырдың пайдасын айту,ұсақ су тамшыларынан бұлттар пайда болатынын түсіндіру. Фотасуреттер қарастыру «Менің ойыншықтарым» Фотасуретте бейнеленген ойыншықтарды атап беру **Жеке баламен жұмыс:** Сөйлеуді дамытудан Сабина мен Мәди «Ойыншықтар» өлеңін тыңдап, «ойыншықтар» сөзін дұрыс айтуға, «ойыншықтар» туралы әңгіме құрастыруға үйрету.	**Жаңа қуыршақ** **Мақсаты:** Балаларды топталған бөлмедегі жабдықтарды дұрыс атауға үйрету; олардың міндетін анықтау; балалардың сөйлеу қабілетін дамыту; жаңадан келгендерге ілтипатпен, мейірімді қатынасқа үйрету **Жеке баламен жұмыс:** Сөйлеуді дамытудан Мадияр, Аділмен **Мақсаты:** тілдің грамматикалық құрылымы бойынша қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.	Үстел ойыны «Пазл» «Үйшік құрастыр» Балалармен отбасы туралы әңгімелесу **Музыкалық -ырғақтық жаттығулар**. Нұр, Айзере музыкалық сүйемелдеуге сәйкес түрлі қарқынды таныс дене жаттығуларын орындату.	**«Қорбаңдаған аю».** **Дидактикалық ойын:** **Мақсаты:** Аю туралы түсінік беру, аю образына кіру, жүрісін салу, ойын ойнау арқылы қызығушылығын дамыту. **Дидактикалық ойын жаттығуы:** «Дұрыс, бұрыс» **Мақсаты:** Тәрбиеші . сөйлемдер айтады. Балалар дұрыс болса «дұрыс» деп, дұрыс емес болса «дұрыс емес» деп жауап береді.

Серуенге дайындық	16.40-17.00	Киіну: серуенге шығу.				
Серуен	17.00-17.30	Серуенге қызығушылық туғызу. Қимылды ойын «Маған қарай жүгір» Мақсаты: ересектердің ауызша белгісі бойынша қимыл қозғалыс жасай білуге үйрету.				
Балалардың үйге қайтуы	17.30-18.00	Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу. Үйде баланың өзі киініп, өзі шешінуін қадағалап, талап етіп отыруды түсіндіру.	Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелеу. Бала тәрбиесіне көңіл бөлуді ескерту.	Баланың бүгінгі жетістігі, бала денсаулығы мен тамағы жөнінде әңгімелесу.	Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу. Әдептілік сөздерді үйретуін ескерту.	Демалыс күндері күн тәртібін сақтауын ата-аналардан талап ету.

Балабақша әдіскері: А.Найзабекова

ЦИКЛОГРАММА
Екінші аптаға

Өтпелі тақырып «Менің Қазақстаным»

Күн тәртібі	**Уақыт**	**Дүйсенбі**	**Сейсенбі**	**Сәрсенбі**	**Бейсенбі**	**Жұма**
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.) Таңертеңгі гимнастика (5 мин)	8.00 – 8.30	**Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы:** Балалардың өз балабақшаларына деген ыстық сезімдерін дамыту. Балабақшада қызмет істейтін апайларға құрмет көрсетіп, топта тазалық сақтай білу сияқты әдептілік дағдыларын қалыптастыру				
		Сәлемдесу шеңбері. «Қане, қане тұрайық!»	Жылулық шеңбері «Қайырлы таң!»	Қуаныш шеңбері. «Кел балалар күлейік!»	Қарым-қатынас шеңбері «Күніміз сәтті болсын»	Сенім шеңбері. «Қуан! Шаттан! Алақай!»
		Жаттығулар кешені Кешен №7				
Таңғы ас	8:30-8:50	Ас ішерде күнде біз Сөйлемейміз күлмейміз Астан басқа өзгені				

		Елемейміз білмиміз				
Ойындар,Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық	8:50-9:00	Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар				
		Еңбек тапсырмалары: ойыншықтарды жинау	Еңбек тапсырмалары: гүлдерді суару	Еңбек тапсырмалары: кітаптарды жинастыру	Еңбек тапсырмалары: қуыршақтарды киіндіру	Еңбек тапсырмалары: орындықтарды орнына қою
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	9:00 10.30	**Дене шынықтыру** 1.Қол ұстасып, арқаннан ұстап жүру және алаңның бір жағынан екінші жағына жүгіру. Орындық аяқтарының арасымен еңбектеу. Допты көлденең нысанаға лақтыру. **Музыка** Тақырыбы:	**ҚМҰҚ** Тақырыбы: «Тәулік» Мақсаты: Тәулік бөліктерін таңертең, күндіз, кеш, түн тануға және атауға үйрету **Шаттық шеңбер** №12 **Әдіс тәсілі:** ойын технологиясы. Сергіту сәті №16 **Күтілетін нәтиже:** **Түсінеді:** тәулік бөліктерін **Қолдана алады:** Қоршаған ортада күн мен түн біледі **Сурет салу.** Тақырыбы:«Бұлт күнді жапты» Мақсаты: Дөңгелек пішінді заттарды салуды жетілдіру, бұлттың суретін салуға және оны бояуға үйрету. Шаттық шеңбер №9 Д\о: №39 «Доп» **Күтілетін нәтиже:** **Қайталай алады:** заттарды салуды **Түсінеді:** әдемі етіп әр түспен бояуды. **Қолдана алады:** өзінің ой ,қиялын	**Дене шынықтыру.** Мақсаты: 2.Қол ұстасып, арқаннан ұстап жүру және алаңның бір жағынан екінші жағына жүгіру. Допты көлденең нысанаға лақтыру. Еңіс тақтай бойымен жүруде тепетеңдікті сақтау. **Русский язык** **Құрастыру** Тақырыбы: «Пішіндер» Мақсаты: Қағазды жырту және шиыршықтау тәсілдерін пайдаланып қағаз беттерін көлемді пішіндерге түрлендіруге үйрету **Шаттық шеңбер** №11 **Дид-ойн:** № 19 «Пішіннің суретін тап» **Көрнекілік:** Үлгі сурет, қағаз беттері **Әдіс –тәсілі:** ойын технологиясы **Күтілетін нәтиже:** **Түсінеді:** көлемді пішіндерді түрлерін **Қолдана алады:** қағазды жырту және шиыршықтау	**Дене шынықтыру.** Мақсаты: 3.Қол ұстасып, арқаннан ұстап жүру және алаңның бір жағынан екінші жағына жүгіру. Еңіс тақтай бойымен жүруде тепетеңдікті сақтау. Лақтырған допты қағып алу. **Жаратылыстану.** Тақырыбы: «Жабайы жануарлар» Мақсаты: Туған өлкені мекендейтін жабайы аңдар туралы қарапайым түсініктер беру, олардың дене бөліктерін ажыратуға үйрету. **Шаттық шеңбер** №9 **Д\о: №10** «Балаларын ата» **Сергіту сәті:** **№14** **Әдіс тәсілі:** Ойын технологиясы **Күтілетін нәтиже:** **Түсінеді:** жабайы жануарлардың мекенін **Қолдана алады:** жабайы жануарлар дене бөліктерін **Музыка.**	**Сөйлеуді дамыту.** Тақырыбы: «Туған жерім» Мақсаты: Туған өлке оның табиғаты, айналасындағы заттар туралы түсініктерін кеңейту, зат есімдерді көмекші сөздермен: үстінде, астында, жанында бірге қолдануға, қоршаған ортасы туралы сұрақтар қоюға үйрету. Шаттық шеңбер №12 Д\о: №17 «Жыл мезгілдері» **Әдіс –тәсілі:** ойын технологиясы **Күтілетін нәтиже:** **Түсінеді:** туған өлке оның табиғатын **Қолдана алады:** зат есімдерді көмекші сөздермен **Қоршаған ортамен танысу.** Тақырыбы: «Менің Отаным – Қазақстан» Мақсаты: Өз Отаны туралы білуге деген құштарлығын ояту; Қазақстанның кең- байтақ, бай мемлекет екенін түсіндіру. Мемлекет астанасы туралы түсінік

						беру. Балалардың қызығушылығын, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту; патриоттық сезімді тәрбиелеу **Көрнкілігі:** суреттер. **Әдіс тәсілі:** ойын технологиясы **Күтілетін нәтиже:** **Түсінеді:** Қазақстанның кең байтақ, бай мемлекет екенін **Қолдана алады:** Ойлау, сөйлеу қабілеттерін
Серуен:	10.50-11.30	Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру.				
		Бақылау: №17 Қар аралас жаңбырды бақылау. **Мақсаты:** Қыста қар аралас жаңбыр да жауатыны туралы түсінік беру. **Еңбек:** «Қыс қызығы» Мақсаты: Ойын алаңын бірлесе отырып безендіру, аққала соғу. **Жеке жұмыс**: Ән: «Көрікті шыршамыз» **Мақсаты:** Өлеңді жаттау, әнімен айтқызу. **Қ\о:** «Егер...» **Мақсаты:** Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу.	**Бақылау:** №19 Мұздақты бақылау. Мақсаты: Мұздақтың пайда болу жолын түсіндіру, мұздақтан абай болып жүруге үйрету. **Еңбек:** Ағаш түптеріне қар үю **Мақсаты:** Еңбекқорлыққа үйрету, жалқаулықтан аулақ болуға шақыру. **Жеке жұмыс:** Жұмбақ жаттату. «Отқа жанбас, суға батпас» (мұз) **Мақсаты:** Мұз туралы түсінік беру. Жұмбақ жаттату арқылы сөздік қорын молайту. Есте сақтау қабілетін дамыту. **Қ\о:** «Қазан» **Мақсаты:** бірлесіп ойнауға шақыру. Балалардың көңілдерін көтеру.	**Бақылау:** №21 Адамдардың қысқы киімін бақылау. **Мақсаты:** Қысқы киім үлгісімен таныстыру. Атауларын дұрыс айтуға үйрету. **Еңбек:** Қар тазалаушының еңбегін бақылау. **Мақсаты:** Жұмыстың бәрі жақсы екендігін айту. «Еңбек түбі береке» сөзінің мағынасын түсіндіру, еңбексүйгіштікке баулу. **Жеке жұмыс:** Тамаша, тамаша Шыршамыз тұр жараса Басында әсем жұлдызы Көз тоймайды қараса. **Мақсаты:** Өлеңді жаттату арқылы сөздік қорын молайту. Есте сақтау қабілетін арттыру. **Қ\о:** «Ұстаушы, лентаны ал» Мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа, тапқырлыққа , жылдам шешім қабылдауға үйрету. Денені шынықтыру, көңілдерін көтеру.	**Бақылау:** №1 Қарды бақылау **Мақсаты:** Қыс мезгілінің ерекшеліктерін айту. Қар түсі ақ, ұстасаң қолың тонады, жылыға ериді. Ойлау қабілетін дамыту. **Тақпақ:** Аппақ көше, бар дала Аппақ ой мен қыраттар Ақ шатырлы қар қала Ақ жамылып тұр бақтар **Ойын:** қардан түрлі бейнелер жасау. **Мақсаты:** Ойынға қызығушылықтарын арттыру. **Еңбек:** Ағаштар түбіне қар үю. Мақсаты: Еңбексүйгіштікке тәрбиелей отырып, үйілген қардың маңызы туралы түсінік беру. **Жеке жұмыс:** «Қыс қызығы» тақырыбында әңгіме құрату. **Мақсаты:** Сөздік қорын молайту, ойын жүйелеп жеткізе білуге үйрету.	**Бақылау:** №4 Аязды бақылау **Мақсаты:** Қыс – мезгілінде күннің суықтығы ол аяз. Аяздан бетіміз бен қолымыздың тоңатынын, үсіріп жіберуі де мүмкін екенін, сол үшін де қолғап, мойынорауыш тағатынымызды түсіндіру. **Еңбек:** Ауладағы қарды күреу. **Мақсаты:** Балаларды еңбек сүйгіштікке , бірлесіп жұмыс жасауға үлкенге көмек беруді үйрету, күректі дұрыс ұстауға үйрету. **Қ\о:** «Сырғанақ тебу» **Мақсаты:** Балаларды ұйымшыл тату ойнауға, шанамен ойнауға шақыру. **Жұмбақ:** Терезеге қонады, Әсем ою ояды. (Аяз) **Мақсаты:** Жұмбақ жаттату арқылы есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын молайту.

Серуеннен оралу	11.30-12.00	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, дербес ойын әрекеті .				
Түскі ас	12.00-12.30	Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс; әдеп ережесі.				
Түскі ұйқы	12.30-15.00	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су шаралары	15.00-15.30	Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүру. «Қайық» - Төсекте ішпен жатып , қолды иекке таяп қою, жартылай тұрып оңға- солға тербелу. «Кемпірқосақ» - Төсекте арқамен жатып аяғымен ауада шеңбер жасау. «Созылу» - Төсекте аяқтары бірге, қолды денесінің қалпымен жоғарыға созып, арқасымен жатып керілу. «Тышқандар» - Массажды кілемшеде аяқ ұшымен және өкшемен айналу Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаңсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың.				
Бесін ас	15.30-16.00	Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс				
Ойындар, дербес әрекет Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	16.00-16.40	Бояулармен жұмыс жасау «Ғажайып жиһаздар» «Қиылған суреттерді құрастыру» «Арқан тарту» қ/о Жеке жұмыс: Қарындаш біздің досымыз	Вариативтік бөлім. «Жақсылыққа жақын бол!» Мақсаты: Әдепті болуға,жан-жағындағы достарына әділ болып,ұйымшыл болуға тәрбиелеу. «Мамандық атауларын ата» д/о «Қиылған суреттерді құрастыру»	«Ол қайда өседі?» д/о Ірі жапырақты өсімдіктердің шаңын сүрту (еңбек) «Аю апанның жанында» қ/о Жеке жұмыс: Ертегі оқу.	«Мозайка құрастырғыш» үстел үсті ойындары «Табиғи құралдармен ойыншықтар салайық» «Өз орныңды тап» қ/о Жеке жұмыс: Көңілді қояндар.	«Соқыр теке» қ/о Құрылыс материалдарымен жұмыс жасау д/о «Ғажайып қапшық» Жеке жұмыс: Монтессори: «Пішіндер»
Серуенге дайындық	16.40-17.00	Киіну: серуенге шығу.				
Серуен	17.00-17.30	Қимылды ойын «Қимылды қайтала» Мақсаты;Ересектердің көрсетуі бойынша қимыл -қозғалыс жасай білуге үйрету.				
Балалардың үйге қайтуы	17.30-18.00	Ата-аналарға кеңес: «Балаңызды сөйлеуге үйрету үшін үй жағдайында не істей аласыз?».	Мамандар кеңесі: мысалы: Психологтің кеңесі: «Балаңыз балабақшаға келгісі келмей жыласа не істер едіңіз»	Ата-анаға; «Балалаңызды киіндірген кезде киімдердің түстерін айтып отырасыз ба?	Кеңес: «Үйде балаңыздың өзіне-өзі қызмет көрсетуіне қандай жағдай жасайсыз?».	Ата-анаға; «Демалыс күндері балаңызбен ойнайсыз ба?

Балабақша әдіскері: А.Найзабекова

ЦИКЛОГРАММА

Үшінші аптаға (желтоқсан

Өтпелі тақырып «Менің Қазақстаным»

Күн тәртібі	Уақыт	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.) Таңертеңгі гимнастика (5 мин)	8.00 – 8.30	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: Ата-аналармен жеке әңгімелесу, Жеке балалармен жұмыс, дене қызуы мен тазалығына көңіл бөлу, жағымды жағдай орнатуға арналған ойындар.				
		Әңгіме:"Туған өлке" Мақсаты: Өздері тұратын жері, туған жерінің табиғатын, өз қаласын немесе ауылы туралы әңгімелету.	Үстел үсті ойыны: «Мозайка». М/ы:логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.	Табиғат аясында. Гүлдерді суару, топырағын қопсыту. М/ы: ұқыпты жұмыс істеуге	Табиғат бұрышында. Сөрелердің, гүлдердің шаңын сүрту. М/ы:тазалыққа тәбиелеу.	Әңгіме: «Құстар қайтып барады». М/ы:жылы жаққа ұшып кететін құстар туралы айтып, әңгімелеу.
		Жаттығулар кешені Кешен №8				
Таңғы ас	8:30-8:50	Ас ішерде күнде біз Сөйлемейміз күлмейміз Астан басқа өзгені Елемейміз білмиміз				
Ойындар,Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ)	8:50-9:00	Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар				

дайындық		Д/о: №5 «Көліктер»	Қ\о: № 7 «Ас қорыту мүшелеріне көмектесейік»	Қ\о: №11 «Мені кім шақырды»	Қ\о: № 9 «Бір-бірімізбен сәлемдесейік»	Д\о: №10 «Балаларын ата»
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	9:00 10.30	**Дене шынықтыру** Мақсаты: 1.Төбешікке шығып және одан түсіп саппен жүру және тұтас топпен сапқа қайта тұру. Лақтырған допты қағып алу. Орындық аяқтарының арасымен еңбектеу. **Музыка** Тақырыбы:	**ҚМҰҚ** Тақырыбы: «Кеңістік» Мақсаты: Өзіне қатысты кеңістіктегі бағыттарды: оң-сол, алды-арты ажырата білуге үйрету **Шаттық шеңбер** №12 Д\о: №26 «Жоғары -төмен» **Әдіс тәсілі:** ойын технологиясы. Сергіту сәті №17 **Күтілетін нәтиже:** **Түсінеді:** алды-арты **Қолдана алады:** Өзіне қатысты кеңістіктегі бағытты. **Сурет салу.** Тақырыбы: «Бәйтерек» Мақсаты: Түзу, домалақ пішіндерді салуды жетілдіру, бәйтеректің суретін салу және оны бояуға үйрету Шаттық шеңбер №16 Д\о: №4 «Гүл құрастыру» **Күтілетін нәтиже:** **Қайталай алады:** домалақ, түзу сызықтарды **Түсінеді:** бәйтерек туралы **Қолдана алады:** өзінің ой ,қиялын	**Дене шынықтыру.** Мақсаты: 2.Төбешікке шығып және одан түсіп саппен жүру және топпен сапқа қайта тұру.Орындық аяқтарының арасымен еңбектеу. Допты тура ысанаға лақтыру. **Көркем әдебиет** Тақырыбы:«Сыпайылық сабақтары» (өлең) М.Әлімбаев. Мақсаты: Балаларды адамдар арасындағы адамгершілік қарым-қатынас нормаларымен таныстыруды, сыпайылықтың қарапайым дағдыларына тәрбиелеуді жалғастыру **Шаттық шеңбер** №4 **Дид-ойн:** № 17 «Жыл мезгілдері» **Көрнекілік:** Үлгі сурет, **Әдіс –тәсілі:** ойын технологиясы **Күтілетін нәтиже:** **Түсінеді:** өлең жолдарын **Қолдана алады:** 2-3 сөзден тұратын әңгіме құрастыруды	**Дене шынықтыру.** Мақсаты: 3.Төбешікке шығып және одан түсіп саппен жүру және топпен сапқа қайта тұру.Допты тура нысанаға лақтыру.Биіктігі 5-10 см заттан жерге секіру **Жаратылыстану.** Тақырыбы:«Ел орда» Мақсаты: Еліміздің бас қаласы Астананың табиғатының әсемдігі, ауа-райының ерекшеліктері туралы түсініктерін кеңейту **Шаттық шеңбер** №8 **Д\о: №20** «Кім не жейді» **Сергіту сәті: №11Әдіс тәсілі:** Ойын технологиясы **Күтілетін нәтиже:** **Түсінеді:** еліне, жеріне деген сезімін **Қолдана алады:** сурет арқылы әңгіме құрау	**Сөйлеуді дамыту.** Тақырыбы: «Астана – Отанымыздың жүрегі» Мақсаты: Еліміздің бас қаласы Астана, Бәйтерек туралы түсініктерін кеңейту, сөздерді анық айтуға, зат есімдердің жекеше, көпше түрлерін қолдануға үйрету, тақырыпқа сәйкес шағын тақпақ жаттату. Шаттық шеңбер №3 Сюж\о: №2 «Балабақша» **Әдіс –тәсілі:** ойын технологиясы **Күтілетін нәтиже:** **Түсінеді:** өсімдіктердің адамға пайдасын **Біледі:** есімдердің көпше түрлерін **Аппликация** Тақырыбы: «Астана» Мақаты: Бәйтерек пен көкбайрақтың бөліктерін қағаз бетіне жапсыруды, желім қалдықтарын қағаз майлықпен сүртуді үйрету. **Көрнкілігі:** суреттер. **Әдіс тәсілі:** ойын технологиясы **Күтілетін нәтиже:** **Түсінеді:** қағаздың ерекшеліктерін **Қолдана алады:** Орналастырып, жаапсыруды.

Серуен:	10.50-11.30	Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру.				
		Бақылау: Қар ұшқындарын бақылау. Мақсаты: балаларды қар ұшқындарының қалай пайда болатынын, олардың құрлысымен таныстыру, сонымен бірге балаларды байқағыштыққа тәрбиелеу. Балаларға қар ұлпасын қағып алып, зейін қойып, анықтауғаұсыну. Қар ұшқыны алты қанаттан тұрады, олар бір—біріне өте ұқсас келеді. Қар ұшқыны жаңбыр сияқты, бұлтта жаратылады. Су буы өте жоғары көтеріледі: сол жоғарыда ауаның температурасы өте төмен болғандықтан, сол су буларынан кішкентай ғана мұз қиыршықтары пайда болады. Алты қырлы мұз түйіршіктері өсіп кішкентай жұлдызшаларға айналады, сөйтіп қар ұшқындары жерге түседі. Көркем сөз: Жазда көлге мұз қатты, Табанымды мұздатты.	**Бақылау:** Қырауды бақылау **Мақсаты**: балаларға қыраудың қалай болатынын айтып кету. Қырау түскен ағаштарды бақылау. Темір затқа үрлеп көрейік. Оған қырау түсті, біздің буымыз суықтан қырауға айналды. Сонымен қырау бұл кәдімгі бу, ол әйнек шынысына, ағаш бұтақтарында, бұтақтарында, басқа заттарда қатып, қырауға айналған. Қырау әдетте күннің ашығында пайда болады. **Көркем сөз.** Тазартып бар кір шаңнан, Қыс өнерін бастады. Терезеге қыраудан, Сурет салып тастады. **Қимылды ойын:** «Суыққойлар» **Мақсаты**: қимылды жаттығуларды жасауды үйрету, тапқырлық таныта білу. **Еңбек**: бір біріне кедергі жасамай, жұмыс істеуге үйрету. **Жеке жұмыс**: тәжірибе жасау: мұз бу су (заттың бір түрден басқа түрге айналуы) **Жорамал:** Ағашқа қырау түссе, аяз болады. Тұман болса, күн жылынады.	**Бақылау:** Желді бақылау **Мақсаты**: балаларға қыраудың қалай болатынын айтып кету. Қырау түскен ағаштарды бақылау. Темір затқа үрлеп көрейік. Оған қырау түсті, біздің буымыз суықтан қырауға айналды. Сонымен қырау бұл кәдімгі бу, ол әйнек шынысына, ағаш бұтақтарында, бұтақтарында, басқа заттарда қатып, қырауға айналған. Қырау әдетте күннің ашығында пайда болады. **Көркем сөз.** Тазартып бар кір шаңнан, Қыс өнерін бастады. Терезеге қыраудан, Сурет салып тастады. **Қимылды ойын:** «Суыққойлар» **Мақсаты**: қимылды жаттығуларды жасауды үйрету, тапқырлық таныта білу. **Еңбек**: бір біріне кедергі жасамай, жұмыс істеуге үйрету. **Жеке жұмыс**: тәжірибе жасау: мұз бу су (заттың бір түрден басқа түрге айналуы) **Жорамал:** Ағашқа қырау түссе, аяз болады. Тұман болса, күн жылынады, егерде түнде қырау түссе, күндіз қар жаумайды. **Жұмбақ:** Қанат сияқты ақ, Ұлпа боп жерде жатады.	**Бақылау:**Бұлтты бақылау. **Мақсаты:** Бұлттың түзілуі және олардың түрлерін :шарпы, будақ,қабатты бұлииарды ажырату. **Еңбек**:ауладағы қарды тазалау **Мақсаты:**Балаларды қоршаған әлемге қамқорлықпен қарауға, табиғат әсемдігін сезіне білуге тәрбелеу. **Көркем сөз:** Аспанға ұшар бу болып Жерге қайтар су болып. (Бұлт) **Мақсаты:**Жұмбақ жаттата отырып, балалардың тіл байлығын байыту, дыбыстардың дұрыс айтуын қадағалау.Ойлау қабілетін арттыру. **Қимылдық ойын:** «Соқыр теке». **Ойын барысы:** Соқыртеке кең бөлмеде , аулада ойнауға болатын қызықты ойын.Шеңбер сызылып , оның ортасына көзі байланған «соқыртеке» жіберіледі.Қалғандары оны «соқыртеке бақ-бақ»,- деп мазақтап түртіп қашады.Бірақ олар шеңберден шығып кетпеуі тиіс.Егер соқыртеке ойыншылардың бірін ұстап алса, даусына қарап оның атын айтады.Дәл тапса ұсталған адамның көзі байланып «соқыртек» болады.Ойынщылардың көзі байлаулы адамды әдейі сөзбен жетектеп отырып, алдап , шұңқырға , бағанаға қарай	**Бақылау: Аландағы ағаштарды бақылау** Мақсаты: балалардың ағаштарды қыс кезінде қалпын анықтап, білімін толықтыру. Тапсырма: «Таңғажайып ағаштарды безендіреміз» тақырыбына сурет салу. Ағаштарды сыртқы түсінен, түрінен, бұтақтарынан қалай орналасуынан танып, айыруға үйрету. Балаларды табиғатқа қамқоршы болуына тәрбиелеу. Сұрақтар: 1. Жапырақсыз ағаштарды қалай атаймыз? 2. Жапырақтар неге күзде түсіп қалады? 3. Ағаштар бір біріне немен ұқсас? 4. Ордың айырмашылығы қандай? Дидактикалық ойын: «Сөзбен суреттеп айт» ағаштың түрін таны. **Қимылды ойын:** «Ордағы қасқыр» **Мақсаты:** секіруге, затты лақтыруға жаттықтыру.

		Мұз ойылып кетті тез, Күліп едік, біз қатты. Қимылды ойын «Ортаға түспек» Мақсаты: тез жүгіріп секіруге, ептілікке үйрету. Еңбек: қар атжалдарын жасауға балаларды үйрету. Жеке жұмыс: шаңғыда жүре білуге машықтану. Мәтел: Қар көп болса, астық көп болады. Жұмбақ: Қолы жоқ, сурет салады Тісі жоқ, тістеп алады.	Егерде түнде қырау түссе, күндіз қар жаумайды. **Жұмбақ:** Қанат сияқты ақ, Ұлпа боп жерде жатады.		бағыттайды.Бұл ойынды көңілді, күлкілі етеді.	**Еңбек:** ағаштардың түбін қармен жабу. **Мақсаты:** қар ағаштың түбін аяздан қорғайтынын балаларға түсіндіру. Балаларды табиғатқа қамқоршы болуына тәрбиелеу. **Жеке жұмыс:** шаңғымен жаттығулар жасау: екі аяқпен кезек-кезек оңға, солға.
Серуеннен оралу	11.30-12.00	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, дербес ойын әрекеті .				
Түскі ас	12.00-12.30	Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс; әдеп ережесі.				
Түскі ұйқы	12.30-15.00	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су шаралары	15.00-15.30	**«Көңілді қоңыздар» массаж түрлері** **Мақсаты:** Балалардың денсаулығын нығайтуға, дене бітімін жақсы қалыптастыруға, қан айналымын жақсартуға, көздерін демалтуға, балалардың арқасындағы, қолындағы, табандағы нүктелерді оятуға арналған. Ағзаның көптеген қызметтерін жақсартады. **Ояну жаттығуы.** Қайырлы таң, көздерім! (балалар қастарын, көздер сипайды) Қайырлы таң, құлақтарым!(құлақтарын сипау) Қайырлы таң, беттеріміз! (беттерін сипау) Қайырлы таң, қолдарымыз! (қолдарын сипау) Қайырлы таң, аяқтарымыз! (аяқтарын сипау)				
Бесін ас	15.30-16.00	Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс				
Ойындар, дербес әрекет Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	16.00-16.40	**«Қақпақты ашып жап»**дидактикалық ойын **Мақсаты:** бір-бірімен байланысты тура және кері әрекеттерді орында ту	**«Танып атын ата»** суретті кітапшалармен жұмыс **Мақсаты:** тануға және көрсетуге дағдыландыру	**«Үй жасаймыз»** Қиынды суреттермен жұмыс **Мақсаты:**логикалық ойлауға үйрету	**«Қызықты ойыншықтар»** ойыншықтармен ойын **Мақсаты**: достыққа баулу	**«Сәйкес ұяшыққа орналастыр»**дидактикалық ойын **Мақсаты:** ойлау қабілетін арттыру.

Серуенге дайындық	16.40-17.00	Киіну: серуенге шығу.				
Серуен	17.00-17.30	Серуенге қызығушылық туғызу. «Кім биікке секіреді?» қимылды ойын Мақсаты; Белгі бойынша бойынша қимыл- қозғалыс жасай білуге, секіру кезінде тепе-теңдік сақтауға үйрету.				
Балалардың үйге қайтуы	17.30-18.00	Ата-аналарға кеңес: «Мәдени-гигиеналық дағдылар».	Мамандар кеңесі	Ата-анаға : «қасықты дұрыс пайдалана білеме?»	Кеңес: «Күн режимін сақтау».	Ата-анаға; «Балаңыз түбекке сұрана ма?»

Балабақша әдіскері: А.Найзабекова

ЦИКЛОГРАММА

Төртінші аптаға (желтоқсан

Өтпелі тақырып «Менің Қазақстаным»

Күн тәртібі	**Уақыт**	**Сәрсенбі**	**Бейсенбі**	**Жұма**
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.) Таңертеңгі гимнастика (5 мин)	8.00 – 8.30			
